

КЕЛІСЕМІН


«Ақтөбе облысының мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармасы» КММ басшысы


А.Юнисова
«15» 12. 2023 жыл



БЕКІТЕМІН

«Н.Байғанин атындағы
облыстық балалар
кітапханасы» КММ директоры


Э.Кашкенова
«15» 12. 2023 жыл



Халық ақыны, айтыскер, жырау Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығына арналған «Нұрпейіс атты дауыл-жыр!» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Байқау құрылтайшылары: Ақтөбе облысының әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы

Ұйымдастырушы: Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы

Байқаудың өтетін уақыты: 2024 жылдың сәуір айы

Байқаудың мақсаты:

Халық ақыны Нұрпейіс Байғанин шығармаларын насихаттау. Жыр-дастандары арқылы салт-дәстүрлерді дәріптеу, кітап оқу мәдениетін жетілдіру, оқу кеңістігінің аясын кеңейту.

Өлкетану әдебиетін насихаттау, балалардың бойында Отанға деген сүйіспеншілігін, патриоттық, елі мен халқына деген мақтаныш сезімін сіңіру.

Нұрпейіс Байғанин шығармалары арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, балалардың бойында эстетикалық мәдениет, қоршаған әлемге деген мейірім сезімдерін қалыптастыру.

Байқаудың шарты:

Байқауға 12-15 жас аралығындағы балалар қатыса алады.

Байқау екі номинация бойынша өткізіледі: «Байғанин оқулары», «Байғанин шығармасына иллюстрация».

Байқауға қатысу үшін 2024 жылдың 1 сәуірге дейін өтініштер қабылданады (қосымша №1).

Байқау екі кезеңде өтеді:

I-кезең 2024 жылдың наурыз айында әр аудан орталығында және Ақтөбе қаласында өтеді.

Аудандық және қалалық I-кезеңінің байқау жеңімпаздары II-кезеңге жолдама алады.

II-кезең – облыстық байқау 2024 жылдың сәуір айында өтеді.

Облыстық байқауға жолдама алған әр ауданның және Ақтөбе қаласының сайыс жеңімпаздары «Байғанин оқулары» номинациясы бойынша 1 қатысушыдан, «Байғанин шығармасына иллюстрация» номинациясы бойынша 5 қатысушыдан қатыса алады.

Байқау талабы:

«Байғанин оқулары» номинациясы бойынша байқауға қатысушы 2 шығарма (ақын Нұрпейіс Байғаниннің бір өлеңі немесе дастанынан үзінді және жергілікті қаламгерлердің бір өлеңі немесе шығармасынан монолог) жатқа оқуы тиіс.

Әр мәтіннің ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек. Дайын фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады.

Қатысушы Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығын терең білуі тиіс.

«Байғанин шығармасына иллюстрация» номинациясы бойынша байқауға қатысушы ақын Нұрпейіс Байғаниннің шығармасынан алған әсерін иллюстрация арқылы жеткізіп, қағаз бетіне түсіруі тиіс.

Шығармашылық жұмыстарды көлемі А3 форматтағы (297x420мм) ватман қағазында кез-келген техникада жасауға болады (тушь, май, гуашь, акварель, пастель, түрлі-түсті қарындаштар, қалам, компьютерлік графика, аралас техника және т. б.). Жұмыстарды инновациялық әдістермен жасау құпталады.

Талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар байқауға түспейді.

Әр шығармашылық жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында 3x8 см көлемінде қатысушы туралы ақпарат берілген этикетка жабыстырылуы тиіс.

Ұсынылған шығармашылық жұмыс авторға қайтарылмайды.

Байқауға қатысушының жол шығыны жолдама берген жақтың есебінен төленеді.

Қазылар алқасы:

Қазылар алқасының құрамы Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, әдебиеттанушы, ақын-жазушылар, суретшілер, және көркемсөз оқу, бейнелеу үйірмелерінің оқытушыларынан құрылады.

Қазылар алқасы байқау барысында тағайындалған жүлделерді бөліп беруге немесе бермеуге құқылы. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделіп, қайта қарауға жатпайды.

Байқауды қаржыландыру:

Байқау облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады.

Марапаттау жүлделері:

Қазылар алқасы шешімімен төмендегідей жүлделер тағайындалады:

«Байғанин оқулары» номинациясы бойынша

I орын – 1 (біреу)

II орын – 2 (екеу)

III орын – 2 (екеу)

Ынталандыру сыйлықтары – 4 (төртеу).

«Байғанин шығармасына иллюстрация» номинациясы бойынша

I орын – 1 (біреу)

II орын – 2 (екеу)

III орын – 2 (екеу)

Ынталандыру сыйлықтары – 4 (төртеу).

Бағалау критерийлері:

«Байғанин оқулары» номинациясы бойынша

- Көркем мәтінді оқу шеберлігі;
- Дауыс мәнері және тіл тазалығы;
- Көркем мәтінді таңдау талғамы;
- Сахналық киім сәні, өзін-өзі ұстауы;

«Байғанин шығармасына иллюстрация» номинациясы бойынша

- өзіндік ерекшелігі;
- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын ашу;
- идеяны жүзеге асырудың креативті тәсілі;
- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім).

Қабылданатын құжаттар:

1. Өтініш (үлгі бойынша)

2. Қатысушының аты-жөнін растайтын құжаттың көшірмесі

Байқауға қатысушылар өтініштері «облыстық байқауға» тақырыбымен төмендегі мекенжайы бойынша қабылданады.

030006 Ақтөбе қаласы,

Кереев көшесі, 7 үй

Байланыс телефоны: 8 (7132) 97-50-65, +7 771 842 8662

E-mail: odbib@mail.ru

Халық ақыны, айтыскер, жырау Нұрпейіс Байғаниннің
шығармашылығына арналған
«Нұрпейіс атты дауыл-жыр!»
облыстық байқауына қатысу үшін
ӨТІНІШ

«Байғанин оқулары» номинациясы бойынша

Аты - жөні	Туған жылы, мектебі	Мекен-жайы, байланыс телефоны	Оқуға тандалған шығармалар

«Байғанин шығармасына иллюстрация» номинациясы бойынша

Аты - жөні	Туған жылы, мектебі	Мекен-жайы, байланыс телефоны	Шығармашылық жұмыстың атауы (ақынның қай шығармасы)